

## Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округінің Бөдене ауылының "Достар" шаруа қожалығының аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 7371 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі әкімінің 21.12.2020 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 8 шілдедегі № 255 ұсынысы негізінде, Долон ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдан сарып бруцеллез ауруының шығуына байланысты Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округінің Бөдене ауылының "Достар" шаруа қожалығының аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді әділет органында мемлекеттік тіркеу;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Бесқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Долон ауылдық округі әкімінің  
міндетін атқарушы*

*С. Ибраева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК